

Хабарландыру

1. Жобаның атауы: «КАТКО» БК» ЖШС Мойынқұм кен орнының №2 Тортқұдық учаскесінде жанармай құю пункті бар мұнай өнімдері қоймасын салу» жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі және Мойынқұм кен орнының №2 Тортқұдық учаскесінде жанармай құю пункті бар мұнай өнімдері қоймасы бойынша РЕШН, ҚББ, ӨЭБ, ТӨШЖ.
2. Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Тасты ауылдық округінің Созақ ауданы, географиялық координаттары: 44,29'57.0"С 69,12'11.5"Ш.
3. Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі:
2026 жылғы 8 қазанда сағат 16:00-де, мына мекенжай бойынша: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а.о., Тасты а., Аманкелді Иманов к-сі, д15, ауылдық әкімдік ғимараты.
4. Онлайн қосылымға сілтеме:
[https://us04web.zoom.us/j/6165408596?](https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09)
[pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09](https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09)
Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456
5. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «КАТКО» Қазақстан-француз бірлескен кәсіпорны « ЖШС. БСН 981040001439. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты а. о., Тасты а., 060 квартал, ғимарат.44, пошта индексі 161003. Тел.: +7(777)-236-46-99; email: nurgul.baimenova@orano.group.
6. Әзірлеуші: «KAZHADA PROJECTS» ЖШС БСН 011240000803. Қызылорда қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 4 ғимарат, prima Park БО, 7 қабат, 710 кеңсе, пошта индексі 120001. Тел.: +7(771)-092-00-03; email: giptookp@mail.ru.
7. Жоба материалдары веб-сайтта орналас-тырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.
8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Қызылорда қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 4-ғимарат, prima Park БО, 7-қабат, 710-кеңсе. Тел.: +7(771)-092-00-03; email: giptookp@mail.ru.
9. Ескертулер мен ұсыныстар осы жерледен қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Түркістан қ., Жаңа Қала көш., 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebaibai@ontustik.gov.kz.
10. Ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтта орналас-тырылған.

Объявление

1. Наименование проекта: «РООС по проекту «Строительство склада нефтепродуктов с топливо -заправочным пунктом на участке №2 Торткудук месторождения Мойынқум ТОО СП «КАТКО» и НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ по складу нефтепродуктов с ТЗП на участке №2 Торткудук месторождения Мойынқум».
2. Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район Тастинский сельско-го округа, географические координаты: 44к29'57.0"СШ 69к12'11.5"ВД.
3. Общественные слушания пройдут в форме открытых собраний:
1) 8 октября 2026 года в 16:00 ч., по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, ул. Аманкелди Иманова, д15, здание сельского акимата.
4. Ссылка на онлайн подключение: [https://us04web.zoom.us/j/6165408596?](https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09)
[pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09](https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09)
Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456
5. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Казахстанско-французское совместное предприятие «КАТКО». БИН 981040001439. Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, квартал 060, зд.44, почтовый индекс 161003. тел.: +7(777)-236-46-99; email: nurgul.baimenova@orano.group.
6. Разработчик: ТОО «KAZHADA PROJECTS» БИН 011240000803. г.Кызылорда, улица Динмұхамеда Кунаева, строение 4, БЦ Prima Park, 7 этаж, офис 710, почтовый индекс 120001. Тел.: +7(771)-092-00-03; email: giptookp@mail.ru.
7. Материалы проекта размещены на ИС: НБДСОСИПР <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.
8. Дополнительную информацию по материалу проекта можно получить по адресу: г.Кызылорда, улица Динмұхамеда Кунаева, строение 4, БЦ Prima Park, 7 этаж, офис 710. Тел.: +7(771)-092-00-03; email: giptookp@mail.ru.
9. Замечания и предложения принимаются: НБДСОСИПР <https://ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» г. Туркестан, ул. Жана Кала, 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebaibai@ontustik.gov.kz
10. Фото объявления о проведении общественных слушаний размещено на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жедел ішек инфекциялары

Жедел ішек инфекциялары (ЖИИ)-асқазан-ішек жолдарын зақымдайтын, бактериялар, вирустар немесе паразиттер қоздыратын жхқпалы аурулар тобы. Инфекция көбіне лас қол, ластанған су және тағам арқылы таралады.

Негізгі белгілері: іштің ауыруы, іш өту, жүрек айну, құсу, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, ауыр жағдайда ағзаның су-сыздануы.

ЖИИ-дің алдын алу үшін: қолды сабынмен үнемі және мұқият жуу, тек қауіпсіз ауыз-су пайдалану, көкөністер мен жемістерді жақсылап жуу, ет, жұмыртқа және басқа тағамдарды толық термиялық өңдеу, шикі және дайын та-

ғамдарды бөлек сақтау, тағамды дұрыс температурада сақтау, жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді пайдаланбау, тағам дайындайтын ыдыстар мен жұмыс беттерін таза ұстау, санитариялық талаптарға сай тазалық сақтау, шыбын-шіркей мен басқа да жәндіктердің тағамға қонуына жол бермеу.

Есте сақтаңыз: «Таза қол-қауіпсіз тағам-таза су-ішек инфекцияларының алдын алу кепілі!»

Егер іш өту мен құсу жиілеп, қатты шөлдеу, ауыздың құрғауы, зәрдің азаюы, қатты әлсіздік байқалса, су-сыздандудың алдын алу үшін медициналық көмекке жедел жүгіну қажет.

Менингит туралы

Менингит-ми мен жхлынды қаптайтын қабықтардың қабынуымен сипатталатын ауыр жхқпалы ауру. Оны бактериялар, вирустар, сирек жағдайда саңырауқұлақтар мен басқа да қоздырғыштар тудыруы мүмкін.

Негізгі белгілері: дене қызуының кенет көтерілуі, қатты бас ауруы; жүрек айну, құсу, жарыққа сезімталдық, мойын бұлшықеттерінің құрысуы, басты алға еңкейту қиындығы, әлсіздік, ұйқышылдық, сананың шатасуы, кейде құрысу, менингококкты инфекция кезінде теріде басқанда жоғалмайтын қызыл-күлгін бөртпе пайда болуы мүмкін.

Қалай жхғады?

Кейбір менингит түрлері, әсіресе менингококкты инфекция, жөтелу, түшкіру, сүйісу және жақын қарым-қатынас кезінде бөлінетін тыныс жолдарының бөлінділері арқылы таралады. Жхқтыру қауіпі науқаспен ұзақ және тығыз байланыста болған адамдарда жоғары.

Алдын алу: қолды сабынмен жиі жуу, бөлмені үнемі желдету, жөтелу және түшкіру кезінде гигиена ережесін сақтау, науқас адаммен тығыз қарым-қатынасты шектеу, жеке гигиена заттарын ортақ пайдаланбау, дәрігер ұсынған жағдайда вакцинациядан өту, менингококкты инфекциямен ауырған адаммен жақын байланыста болғандарға дәрігердің кеңесімен профилактикалық ем жүргізу.

Маңызды: менингитке күдік болса, өздігінен емделмей, шұғыл медициналық көмекке жүгіну қажет. Ауру тез өршіп, ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Х.Оспанов,
аудандық СЭББ басшысы.

Паразиттік жұқпалы аурулар

Паразиттік аурулар - паразиттік құрттар тудыратын аурулардың әртүрлі тобы. Ең жиі таралған түрлері: аскаридоз, энтеробиоз, описторхоз, лямблиоз, эхинококкоз.

Паразиттер аллергиялық реакциялардың, терідегі кішкентай бөртпеден ауыр анафилаксия (шок, бронх демікпесі) дамуын тудырады. Гельминттер орналасқан органның қабырғаларын механикалық түрде тітіркендіреді. Олар ми, бауыр, өкпе, ас қорыту жүйесіне, қан түзетін мүшелерге, теріге, көру мүшелеріне және басқа тіндерге әсер етуі мүмкін. Гельминттер жергілікті және жалпы әсер ететін көптеген токсиндерді шығарады. Жалпы әсер ететін токсиндер адамның әлсіздігін, тітіркенуін, тез шаршауын, бас ауруын, өнімділіктің төмендеуін, температураның жоғарылауын тудырады, ал балаларда - өсудің баяулауы, орган жасушалары жойылады.

Паразитозды жхқтыру жолдары әртүрлі:

- *Жуылмаған көкөністер, жемістер, жидектермен, нашар пісірілген етпен және балықпен ас қорыту жолдары, ластанған су немесе топырақ, жануарлармен байланыс арқылы;
- *Паразиттердің жхмыртқалары немесе кисталары бар шанды жхту кезінде;
- *Паразиттер тұщы су қоймаларында шомылу кезінде шырышты қабаттар немесе тері арқылы өтеді;
- *Тістеген кезде балаңқұрттар (личинка) тарататын жәндіктерден;
- *Дені сау адам ауру жхқтырған адаммен жеке байланыста болған кезде.

Егер сумен немесе тамақпен ластанған адам лас қолдар арқылы немесе жуылмаған көкөністерді жеген кезде құрттардың піскен жхмыртқаларын балаңқұртымен жхтып қойса, онда ішекте олар ересек құрттарға айналады.

Паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында алдын алу шаралары:

- *жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау, тамақтанар алдында, дәреханаға барғаннан кейін, иттер мен мысықтармен араласқаннан кейін және жалпы ластанудан кейін қолды сабынмен мұқият жуу, өйткені гельминт инфекциясының ең көп тараған себептерінің бірі - лас қолдар;

- *Тырнақты қысқартып алу, балалардағы тырнақты шайнау және саусақтарды аузына салу сияқты жаман әдеттерінен арылту;
- *Үйді таза ұстау. Қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинамай, үнемі шығарып тхру, шыбын, кеміргіштер және басқа жәндіктердің пайда болуының алдын алу;
- *Термиялық өңдеусіз жейтін көкөніс, жеміс-жидектер мен бақша өнімдерін мұқият жуып, қайнаған сумен шаю;
- *Ет және балық өнімдерін тек сауда желісінен сатып алу, оларды мұқият термиялық өңдеуден кейін ғана жеу; санитариялық-ветеринариялық сараптамадан өтпеген етті жемеу;
- *Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу. Суды 2-4 минут қайнату оны зарарсыздандырады;
- *Үй иелеріне іргелес аумақты тиісті гигиеналық жағдайда ұстау, аула, балалар ойын алаңдарының топырағын адам мен жануарлардың секрецияларымен ластанудан қорғау;
- *Балаларға қаңғыбас (аула) мысықтар мен иттермен ойнауға және ұстауға рхқсат бермеу. Көшедегі жануарлар паразиттердің ошағы болып табылады, олар жиі ауырады және аз өмір сүреді. Егер сіз жануарларды үйде ұстасаңыз, оларды тоқсан сайын профилактикалық дегельминтизациядан өткізіңіз;
- *Балалар ойыншықтарын үнемі жуу және дезинфекциялау;
- *Шикі және дайын өнімдер үшін әртүрлі кесу тақталары мен пышақтарды пайдалану;
- *Шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтау, тек таза орау материалын пайдалану керек;
- *Бақша көкөністері мен жидектерді алдын ала компостпен залалсыздандырылмаған нәжіспен өңдеуге жол бермеу.

А.Кулменов,
ҚР ДСМ СЭБК ҰСО ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше зертхана меңгерушісі.
Б.Жамалова,
Бактералогиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының зертханашысы.

Жұмақтан болсын мекенің...



12:00-де беріледі.

Ұлы отан соғысының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардақты әке **Мырзахмет Жылысбаевтың** өмірден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Жыл толды жүзінді әке көрмегелі, Жадырап жанымызда жүрмегелі. Жан әке, орның бөлек бұл өмірде, Ақылыңмен бізге бағыт бермегелі,-деп, асыл әкеміз Мырзахмет Жылысбаевтың рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген жандардың есіне саламыз.

Ас-13 қыркүйек күні (12 қыркүйек-қонақ асы сағат 18:00-де) Қозмолдақ ауылы өз шаңырағында сағат

Асқа шақырушылар:
Жылысбаевтар отбасы.

Анажан сені дәйім сағынамыз

Бабата ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, жаны жайсаң жан **Қуанышова Дәнегүл Бұзаубайқызы** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Жаралған қайсарлықтан жаны нағыз, Анажан сені дәйім сағынамыз! Жүректің қалды мәңгі жылулығың, Тағдырдың жазғанына бағынамыз. 40 күн жанымызда болмағалы, Езіліп жүрек шіркін толғанады. Анасы бар адамдар бақытты еой, Анаң болса қасыңда сол бағалы,-деп, Дәнегүл Бұзаубайқызы анамыздың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, нағашы-жиген, жора-жолдастардың есіне саламыз.

Ас-5 қыркүйек күні (4 қыркүйек-қонақ асы сағат 18:00-де) Бабата ауылындағы өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.



Асқа шақырушылар:
Садық Әбдірашұлы, ұл-қыздары.